

Катонқарағай аудандық мәслихатының шешімінің күшін жою деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 14/140-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 26243 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Катонқарағай аудандық мәслихатының "Сот шешімімен Катонқарағай ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 23 қарашадағы № 14/124-VI (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5391 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Д. Бралинов